

"Шымкент қаласының аумағында жануарларды асырау қағидасын бекіту туралы"
Шымкент қаласы мәслихатының 2020 жылғы 11 наурыздағы № 62/536-бс шешіміне
өзгерістер енгізу туралы

Шымкент қаласы мәслихатының 2024 жылғы 29 тамыздағы № 20/172-VIII шешімі.
Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2024 жылғы 9 қыркүйекте № 221-17
болып тіркелді

Шымкент қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Шымкент қаласының аумағында жануарларды асырау қағидасын бекіту туралы"
Шымкент қаласы мәслихатының 2020 жылғы 11 наурыздағы № 62/536-бс шешіміне (
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 90 болып тіркелген)
мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы мемлекеттік тілде жаңа редакцияда жазылсын,
орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Шымкент қаласының аумағында жануарларды асырау қағидаларын бекіту туралы"
;

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі
басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-2 тармағына сәйкес
Шымкент қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:";

2-тармақтың 2) тармақшасы орыс тілінде жаңа редакцияда жазылсын, мемлекеттік
тіліндегі мәтін өзгермейді;

көрсетілген шешіммен бекітілген Шымкент қаласының аумағында жануарларды
асырау қағидаларында:

тақырыбы мемлекеттік тілде жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін
өзгермейді:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы Жануарларды ұстау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ветеринария
туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-1 тармағының 27) тармақшасына
сәйкес әзірленді және Шымкент қаласының аумағында жануарларды ұстау тәртібін
айқындайды.";

3-тармақта:

2), 7), 8), 12) тармақшалар жаңа редакцияда жазылсын:

"2) ветеринариялық анықтама – тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы
эпизоотиялық ахуал туралы, жануарға, жануарлардан алынатын өнімге және шикізатқа
жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың

ветеринария саласындағы маманы, сондай-ақ жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімнің және шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөнінде өндірістік бақылау бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері беретін ветеринариялық құжат;

7) жануардың иесі – жануар меншік құқығымен немесе өзгедей заттық құқықпен тиесілі болатын жеке немесе заңды тұлға;

8) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорға ауыл шаруашылығы жануары туралы мәліметтерді енгізе отырып және ветеринариялық паспортты бере отырып, бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) пайдалану, таңбалау арқылы жануарларға жеке нөмір беруді қамтитын, жануарларды есепке алу рәсімі;

12) үй жануарлары (компаньон жануарлар) (бұдан әрі – үй жануарлары) – қай түрге жататынына қарамастан, адам эстетикалық қажеттіліктері мен қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін дәстүрлі түрде асырайтын және өсіретін жануарлар;"

19-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"19. Жануар иесі жергілікті атқарушы орган құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымға (Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасының "Ветеринариялық қызмет" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын), мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органына (Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Шымкент қаласы бойынша аумақтық инспекциясы):

жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны мен өткізілгені туралы;

жануарлар қырылған, бірнеше жануар бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы хабарлауға және ауру деп күдік келтірілген кезде, ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар келгенге дейін жануарларды оқшаулап ұстау жөнінде шаралар қолдануға міндетті."

2. "Шымкент қаласы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Шымкент қаласы мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК